



«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана
жүйесі» ММ

Әдістеме-библиография бөлімі

Дарынды дирижёр



Музыкант, дирижер, ҚР мәдениет қайраткері, Арқалық қаласының
құрметті азаматы **Әбенов Боранбай Қазыбекұлы**

75 жаста (1949)

ЖАДНАМА

«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ

Әдістеме-библиография бөлімі

Дарынды дирижёр

**Музыкант, дирижер, ҚР мәдениет қайраткері, Арқалық қаласының
құрметті азаматы Әбенов Боранбай Қазыбекұлы**

75 жаста (1949)

ЖАДНАМА

КБЖ 91
Д 20

Құрасты., компьют. терген: С. М. Көшкінбай
Жауапты ред.: Д. Е. Құсайын

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай
Шығарылымға жауапты: Д. Е. Құсайын
Мұқабаны безендірген: С. М. Көшкінбай
Редактор: Д. Е. Құсайын

Дарынды дирижер [Мәтін] музыкант, дирижер, ҚР мәдениет қайраткері, Арқалық қаласының құрметті азаматы Әбенев Боранбай Қазыбекұлының 75 жас толуына арналған) : Жаднама /«Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ММ Әдістеме–библиография бөлімі ; [құраст.; С. М. Көшкінбай; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б.], 2024. – 40 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме – библиография бөлімі музыкант, дирижер, ҚР мәдениет қайраткері, Арқалық қаласының құрметті азаматы Әбенев Боранбай Қазыбекұлының 75 жасқа толуына арнап жаднама дайындады. Жаднамаға Бораш Әбеневтың өмірі туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы жайында мағлұматтар берілген.

©Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі,
әдістеме-библиография бөлімі

Өмірін өнермен өрнектеген



Әбенев Бораш Қазыбекұлы 1949 жылы 7 наурызда Аманкелді ауданында дүниеге келген. Музыкант, дирижер, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері 2006 жылы. Әкесі Қ. Әбеневтың ықпалымен және тәлімгерлігімен музыкаға кішкентайынан бауыр басып өскен. Мектеп қабырғасында жүріп ауд. Көркемөнерпаздар үйірмесінің құрамында домбыра оркестіріне қатысты, қобыз тартты. Жүргенов атындағы Алматы өнер институтын бітірген. 1976 жылдан Арқалық музыка училищесінде дәріс беріп, Арқалық қаласындағы алғашқы халық аспаптар оркестірінің негізін қалады. Оркестр 1985 ж. Мәскеудегі Үлкен театрдың сахнасында өнер көрсетіп, арнайы дипломмен марапатталды. 1987 ж. Алматыдағы орталық концерт залында Ә. Басқарған халық аспаптар оркестірінің концерті табысты өтті. 1989-1992 ж.ж. аралығында Торғай обл. Филормониясының бас көркемдік жетекшісі болып істеді. Филормонияның “Торғай әуендері” ансамблі Туркияда өткен “Әлем достастығы” фестиваліне қатысты. 1992 жылы Арқалық музыка мектебінің директоры және обл. Театр симфониялық оркестірінің дирижері болды. Бораш Әбеневтың «Желдірме» күйі мен «Көгілдір көктем» әні белгілі өнер ұжымдарының репертуарына енген. ҚР-ның Мәдениет қайраткері, Облыстық «Қазына» сыйлығымен марапатталған, Арқалық қаласының «Жыл адамы-2010» атағының иегері.

Қазақ халық ұлт-аспаптар оркестрі

Қазақ халық ұлт-аспаптар оркестрі 1980 жылы Арқалық музыка училищесі жанынан құрылды. Жетекшісі ҚР Мәдениет қайраткері, Арқалық қаласының құрметті азаматы, дирижер Әбенев Бораш Қазбекұлы.

2014 жылы «Туған жерім, Тың өлкем» атты XXVIII –ші облыстық халық шығармашылығы фестивалінде облыс әкімінің «Үздік қазақ ұлт-аспаптар оркестрі» номинациясына иегері.

2015 жылы «Жеңістің туы желбіре!» атты XXIX –шы облыстық халық шығармашылығы фестивалінде «Мәдени мұраны сақтағаны және насихаттағаны үшін» номинациясының иегері.



Қазыбектің қобызы

Қостанай облысы Арқалық қаласындағы Дала өлкесі тарихы мұражайында атақты қобызшы, соғыс және еңбек ардагері Қазыбек Әбеновтің өзі ұстаған екі қобызы сақталған.



Бұл қасиетті аспаптың алғашқысын аталған музейге 1989 жылы Қазыбек қарияның өзі тапсырса, екіншісін, 2013 жылы қобызшының ұлы Бораш Қазыбекұлы тапсырған. Жалпы, қобыз – көне аспаптардың бірі. Оның қай дәуірден бастау алғаны белгісіз болғанымен, халық арасындағы аңыз-әңгіме-лерде «Қобыздың атасы – Қорқыт» деп айтылады. Осы Қорқыт атадан жалғасқан қобызшылық өнер Торғай елінде кеңінен таралған. Арыға бармай-ақ XIX-XX ғасырларда бұл өңірде Тілеп Аспантайұлы, Баубек Есіргепұлы, Әлмағамбет (Арық бақсы), Зәкәрия Кәрібаев, Хамидолла Шәткенов секілді есімдері елге мәлім қобызшылар өмір сүрді. Осы тұлғалардың ізін баса шыққан Қазыбек Әбенов 1914 жылы Торғай жеріндегі Жыланшық өзенінің бойында дүниеге келген. Бала күнінен қобыз бен домбыраны қатар тартып, күйшілігімен,

жыршылығымен аты шығып, әйгілі Баубек бақсыдан бата алған. 1935 жылы Қазақстанның халық ақыны, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрхан Ахметбеков ұйымдастырған Торғайдағы көркемөнерпаздар үйірмесіне қосылып, ауыл аралап, өнер көрсетеді. Осыдан бастап айтулы өнер иесінің есімі елге жайылды. Түрлі өнер байқауларына қатысып, жүлдегерлер қатарынан көрінді. Мәселен, 1934 жылы Алматыда өткен халық шығармашылығының алғашқы байқауында белгілі қобызшы Жаппас Қаламбаевтан кейінгі екінші орынды иеленсе, 1937 жылы көрнекті композитор, өнер зерттеушісі Ахмет Жұбанов ұйымдастырған халық аспаптар орындаушыларының республикалық фестивалінде ұстазы Баубек бақсының «Қоңыржай» күйін орындап, бас жүлдені жеңіп алды. 1949 жылы Алматыда өткен қыл қобызшылардың байқауында да топ жарды. Сондай-ақ 1951 жылы Қазақстанның Мәскеуде өткен онкүндігіне қатысып, ел мерейін асырса, 1952 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауында жеке орындаушылар арасында лауреат атанды. Осы жетістігі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасымен марапатталды.



Белгілі өлкетанушы Шөптібай Байділдин ағамыз бір сөзінде Қазыбек қобызшыны академик Ахмет Жұбанов өзі құрған Қазақ ұлттық халық оркестріне бас қобызда ойнауға шақырғандығын айтады. Алайда ол кісі оркестр құрамында аз ғана мерзім өнер көрсетіп, отбасылық жағдайына байланысты туған жеріне қайтып оралады. Содан кейін 20 жылдан аса уақыт Амангелді аудандық Мәдениет үйінің директоры болып, ел ішіндегі мәдени жұмыстарға белсене араласып, ұлттық өнеріміздің дамуына айтарлықтай үлес қосты. Қабілетті жастарды өнерге баулып, шәкірт тәрбиеледі. 1971 жылы оған


Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері атағы берілді. Қазыбек атамыздың қобызшылығын ғана емес, сазгерлігін де өнерсүйер қауым мойындаған. Оның қобызға арнап «Сы-бызғы», «Қош-тасу», «Торғай толғауы» атты жазған күйлерін жұртшылық жақсы біледі. Сонымен қатар дағды өнерпаздың домбырашылығын да ел адамдары аузынан тастамайды. Ол «Көр-ұғы-лы», «Көрұғылы мен Безерген», «Қо-былан-ды», «Алпамыс» атты көне жырлар мен Нұрхан Ахметбековтің «Ұры Қарға», Есім сері» поэмаларын таңнан-таңға ұрып айтып қана қоймай, домбыраға арнап «Жорға», «Жайлау», «Сахара» атты күйлерін шығарған. Сондай-ақ талантты қобызшының балалары да әке жолын жалғап, өнер жолын құған. Әсіресе Сапар Қазыбекұлы саналы ғұмырын қыл қобызға арнап, әке мұрасын насихаттады.

Бүгінде Қостанай облысы Амангелді ауданындағы Мәдениет үйі Қазыбек Әбеновтің есімімен аталады.

Азамат Есенжол
«Егемен Қазақстан» газетінің тілшісі

Торғайдың дәстүрлі қылқобыз орындаушылары туралы

Қазақтың ұлттық аспаптарының ішінде көнеден жеткен қобыз аспабы



киелі саналады. Қоңыр дауысты, тембрі бай, мұңлы-зарлы үні бар қобызды екінің бірі ойнай бермеген. Көп жағдайда жыраулар мен абыздар, бақсылар қолданған қобыз әдеттегі саз аспабы емес, бақсы-шамандардың құралы деген де пікірлер қалыптасқан. Қазақ арасындағы аңызда қобызды ойлап тауып, алғаш тартқан адам Қорқыт деп айтылады. Осы

Қорқыттан қалған қобызшылық өнер Торғай өңірінде де кеңінен таралған. Өңірімізде ерте күнде елге аты танылған қобызшы, күйшілер ретінде Тілеп Аспантайұлы, Баубек Ескергепұлы, Әлмағамбет (Арық бақсы), Зәкәрия Кәрібаев, Хамидолла Шәбкенов, Қазбек Әбенотерді атауға болады. Торғай өңірінде қобызшылардың ішінде ертеректе өмір сүргені Аспантайұлы Тілеп. Ол 1758 жылы Жыланшық өзенінің бойында дүниеге келіп, 1820 жылдардың шамасында Сазанбай атты мекенде дүниеден өткен. Халық арасында Тілеп бақсыға қатысты аңыз, әңгімелер көп таралған.

Бұл аңыздарда Тілептің атақты Қойлыбай бақсының батасын алған шәкірті екендігі де айтылады. Қазіргі уақытта белгілі меценат Сапар Ысқақовтың демеушілігімен Аспантайұлына қатысты игі шаралар ұйымдастырылып, Тілеп бақсыға тиесілі деген он шақты күй «Тілеп сарыны» деген атпен жинақталып, жарық көрді. Бұл күйлер шынымен Тілеп бақсының туындылары ма, әлде кейінгі буын өкілдерінің қоспасы ма, оны арнайы музыкатанушы мамандардың терең зерттеулерінен кейін ғана айтуға болады. Дегенмен Тілептің «Алламжар» деген күйі болғандығы туралы деректер сақталған. Тілептен кейін оның қобызын ұстаған баласы Байтөлес Тобыл бойындағы «Бағыланды» атты жәрмеңкеде күй тартысқа түсіп, осы «Алламжар» күйін орындап, байрақты бәйгесін жеңіп алған. Байтөлестен кейін қобызды Тілептің інісі Байғабылдан (Аспантай – Байғабыл – Сырымбай – Төлебай – Құсайын – Райымбек) тараған Райымбек бақсы ұстаған. Райымбек өмірден өткен соң ағасы Халық қобызды жасырып тастаған. Кейін қобызды осы әулеттің жиеншары Жұбатқан алған (Тілеп –

Байтөлес – Мыңжасар – Тоқбала қыз. Тоқбаладан Әбіш деген бала туады. Жұбатқан Әбіштің ұлы). Осы Жұбатқанның 1953-54 жылдардың шамасында:

Аллаһ, Аллах! Аллах хаһ!

Лә иләләһа иллаллах,

Мухамадур расулаллах!

Түркістанда қожа Ахмет!

Маңғыстауда пір Бекет!

Бағаналы Барлыбай,

Бұлтың қыпшақ Қойлыбай!

Торы қыпшақ ер Тілеп!

Аруақтары қолдай гөр!

Тарыққанды демей гөр!

Тілділердің қырсығы,

Тіл-көзінен аулақ ет! – деп зікір салып, бақсылық жасағанын көргенін Төлеу Нәрікбайұлы өзінің «Қарамойын-лақ» кітабында атап көрсетеді. Тегінде Қойлыбай, Тілеп есімдері Торғай өңіріндегі бақсылардың көмек, жәрдем сұрап атайтын піріне айналса керек. Бұған тағы бір мысал ретінде Әлмұхамед Сейдалининнің ХІХ ғасырда Торғай уезі, Шұбалаң болысы, №1 ауылдағы Меңсебай бақсыдан жазып алған бақсы сарынын айтуға болады. Онда мынадай жолдар кездеседі:

...Және бірден сыйынсам,

Сазанбайдың қасында,

Сексеуілі басында,

Тілеп ата, қолдай гөр!

...Және бірден сыйынсам,

Жыланшықтың басында,

Шығырлының қасында,

Мыңбұлақтың төсінде,

Төртқұдықтың ылдиында,
Қара бір судың бойында,
Қойлыбай ата, қолдай гөр!...
(ОҒК: Қ-1081).

Қазір Тілептен қалған қобыз Жұбатқан әулетінде сақтаулы тұр. Ел ішінде Баубек бақсы атымен танылған Баубек Ескергепұлы Жыланшық өзенінің бойындағы Майдамтал атты қоныста дүниеге келген. Өзі Төре әулетіне шыққан Баубек отыз үйлі ауылдың бас көтерер азаматтарының бірі болған. Әдетте қобыз тартқан адамды тылсым әлемнен хабары бар жан көретін халық Баубекті бақсы атандырған. Бірақ Баубек тұлғасы бізге бақсылық, шамандыққа қарағанда Ислам дінінің қолдаушысы ретінде белгілі. Баубекке қатысты қызықты деректердің бірі Көлбай Адырбекұлының «Түркістан» газетінде жариялаған «Бұдан жүз жыл бұрында» атты мақалада берілген. 1902 жылы белгілі дін қайраткері Қажымұратұлы Бөлтай сопы өзінің баласы Қойтастың Ташкенттен діни оқу бітіріп келуіне байланысты той жасап, қазақтың бір топ жақсы-жайсаңдарын Түркістанға жинайды. Жиынға 13 қадірменді ақсақал, 40-қа жуық дін қайраткері, 11 би, 9 болыс, 4 бақсы, 40 сал-сері қатысқан екен. Қазақ даласына христиан миссионерлерінің келіп, халықты өз діндеріне күшпен кіргізе бастаған кездегі бұл жиынның негізгі мақсаты Қойтас молданың оқу бітіргенін тойлау емес, христиан миссионерлеріне қарсы қозғалыс ұйымдастыру болған. Осыған байланысты Түркістанға шақырылып, жиналған өнерпаздардың ішінде Сыр бойынан Ақбала күйші, Тұрмағамбет шайыр, Бөкей ордасынан әнші Мұхит Мералыұлы мен күйші Әлікей, Жетісудан Жамбыл ақын, Қаратаудан күйші Сүгірмен бірге Арқадан барған Баубектің де есімі аталады.

Бұл Баубек Ескергепұлының қайраткерлігін танытатын үлкен дерек. 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Амангелдінің тубегі болған Тәукеұлы Шыңғыс пен Есенгелдіұлы Саржанда осы Баубектің жақын туысқандары. Аталған көтеріліс пен азамат соғысы жылдарындағы дүрбелең, одан кейінгі «Тас мешін», «Ала тауық» жұттары қатты тиген өз ауылын Баубек 1922 жылдың көктемінде Қаратауға көшіріп апарып, сондағы туысқан ағайындарын сағалайды. Өзі сол Қаратау бойында 1923-24 жылдардың шамасында өмірден өткен. Баубектен жеткен мұралар ретінде аталатын туындылар «Сарын», «Аққу» және «Қоңыржай» күйі. Әдетте ертеден жеткен сарын деп аталатын туындылар бақсы сарындары, жай сарындар және ақындық болып жүйеленеді. Қобызда орындалатын бақсы сарындар көп

жағдайда қысқа көлемді болады. Бұл бақсының қобызда ойнауымен қатар арнайы сөз айтуымен байланысты. Әртүрлі өлшемде жүріп отыратын Баубек сарыны болса күй формасында шығарылған. Бұл оның бақсылыққа қарағанда күйшілікке жақын өнерпаздық тұлғасын айқындай түседі. Баубектің күйлерін жеткізуші оның шәкірті Қазбек Әбенев екені белгілі. Қазбектің бел баласы, өзі де музыка маманы Борааш ағамызбен сөйлескенімізде Баубектің сарынын Қазбектің дамытып тартып, толық күй формасына жеткізгенін айтқан еді. Борааш ағамыз әкесінің Баубек күйі деп «Қоңыржайды» ғана орындап, кей ретте Баубектің күйі деп орындалып жүрген «Аққу» күйін Қазбек мұрасының қатарында атаған болатын. Бір қызығы осы «Қоңыржай» мен «Аққу» күйлерінің орындалу машығы ұқсас келеді. Күй басталғанда бастапқы позициямен басталып, ортасында төменгі регистрге түсіп, күй аяқталғанда бастапқы позицияға қайта оралады, яғни, екі регистрде жүріп отырады. Өнертану ғылымдарының магистрі Мақпал Манасбаева өзінің «Дәстүрлі қылқобыз орындаушыларының стильдік ерекшеліктері» (Қазбек Әбенев, Сағынтай Елепанов, Нышан Шәменұлы, Мұсабек Жарқынбеков шығармашылығының негізінде) диссертациясында осы күйлердің Қазбек Әбеневтің орындаушылық ерекшелігі болып келетінін атап көрсеткен. Екі күйдің ұқсас келуі бір өнерпаздың қолынан шыққандығы ма әлде шәкірт Қазбектің ұстаз Баубектің күйшілік дәстүрін дамытқандығы ма оны арнайы музыкалық сауаты бар зерттеуші ғалымдар анықтап айта жатар (бәлкім шартты түрде Баубек-Қазбек күйлері деуге болар) , біздің білеріміз Баубек атына телініп орындалатын бұл күйлер Тобыл-Торғай топырағында ғана емес, жалпы қазақ даласында туған қобыз күйлерінің көрнектілерінің санатынан екені анық.

А. Затаевич «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында өзіне Орынборда жолыққан қобызшы Зәкария Кәрібаевтың өнеріне жоғары баға бергендігі мәлім. Ол сол жолы Зәкариядан «Қазақтың әскери маршы», «Итерме», «Қазақтың жеңіс әні», «Сары бақсы», «Ащыкөл» күйлерін нотаға түсіріп, өз кітабына енгізген. Зәкария Қанапияұлы 1900 жылы Торғай уезі, Шұбалаң болысында дүниеге келген. Жасынан қобызшылығымен, бақсылығымен танылған Зәкария емшілік қызметін 14 жасынан бастаған. Зәкарияның інісі Хамитбектен тараған Амантаев Мақсаттың бізге берген деректеріне сүйенсек Зәкария кеңестік дәуірде Торғай уездік атқару комитетінің сауда бөлімін басқарып, қызмет істеп жүрген кезінде бақсылықпен айналысқаны үшін қамауға алынған. Бірақ ол отырған камераның құлпы өзінен-өзі алынып, есік ашылып Зәкария емін-еркін кіріп шығады екен. Оны күзеттегілердің бірде-бірі көрмеген. Заң орындары Зәкарияның туған-туыстарына қыспақ жасалады

деп қысымға алып барып, бақсылық қоюға мәжбүр еткен. Кейін түрмеден шығарып, партия қатарына енгізсе керек. Осыдан кейін өзінің серігі болған қылқобызын елден шетке апарып, сенімді жерге тапсырған. Қобызды тапсырып елге келгеннен кейін, келесі күні қобызы өз үйінің босағасында сүйеулі тұрыпты. Мұны бақсылықты тастама деп әкелген қызмет ететін жындары істеген екен. Зәкария қобызын екінші рет тағы да апарып тапсырады. Сол сапардан оралғаннан кейін ауыр науқастанып, 1937 жылы өмірден өткен. Дүниеден өтерден бірнеше күн бұрын әкесін шақыртып, өзінің үш күндік ғұмыры ғана қалғанын ескертіп айтқан екен дейді ұрпақтары. Бұл әңгімелердің қаншалық шындық екеніндігіне сенуді айтушы мен естушінің өзіне қалдыралық. Бір анығы Зәкарияның көнеден жеткен қобызшылық өнерді терең меңгерген өнерпаз болғандығы күмәнсіз ақиқат. Мәселен Зәкария тартқан «Сары бақсы» күйі Алтын Орда дәуірінен қалған музыкалық мұралардың бірі. Алтын Орда ханы Берке Ислам дінін қабылдағаннан кейін, ел ішіндегі бақсылар қудалауға ұшырап, жазалана бастайды. Сол заманда өмір сүрген атақты бақсылардың бірі Салтық Сары халық арасында жасырынып жүріп, түрлі кереметтер көрсетіп, емшілікте жасаған. Зәкария тартқан «Сары бақсы» осы Салтық Сарыға тиесілі күй. Затаевич өз жинағында Кәрібаевтің тартқан күйлерінің қазақ-қалмақ соғысы кезеңінде туған күйлер екендігін атап көрсеткен. Бұл «Қазақтың жеңіс әні», «Қазақтың әскери маршы» күйлеріне қатысты болса керек. Қазақ-қалмақ соғысы тұсындағы ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама дәуірінен қалған аңыз-әфсаналар мен әңгімелерде «ит ішпестің алакөлі», «ит ішпестің ащыкөлі» деген тіркестер кездеседі. Осыған қарағанда Зәкария тартқан «Ащыкөл» күйі де сол заманнан бастау алады деп болжам жасауға болады.


Кейінгі дәуірде Торғай өңірінде қобызшылық дәстүрді сақтап, оны дамыта түскен өнерпаз Қазбек Әбенев (1914-1995) еді. «Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері» атағын алып, талай шығармашылық байқауларда жүлделі орынды иеленген Қазбектің шығармашылық тұлғасы жергілікті аймақта ғана, бүкіл Қазақстандағы қобызшы өнерпаздарға аян. Біз осы себепті Қазбектің өмір жолына тоқталып айтып жатпадық (Қазбек Әбенев жайлы біршама толық деректерді Бөгетбай Әлмағамбетовтің «Торғай әуендері» кітабынан оқуға болады). Қазбек өзінің ұстазы Баубек күйлерін жеткізген орындаушы ғана емес, өзі де күй шығарған шебер қобызшы. Оның қобызға арналған «Сыбызғы», «Қоштасу», «Торғай толғауы», домбыраға арналған «Жорға», «Сахара», «Жайлау» атты күйлері бар. Қазбектің «Қоштасуы» Амангелді ауданы өнерпаздарының Ғ. Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасын сахналаған кезде шығарған күйі. Драмадағы

Ақтотының қасірет шегіп, қайғылы халге түскен шағын музыка тілінде жеткізу үшін шыққан туынды ел көңілінен орын алған күй болды.

«Торғай толғауы» Торғай облысы құрылғаннан кейінгі уақытта, облыс өнерпаздарының Алматы қаласында есеп беруі есепті болған концертке арнап шығарылған күй. Ерте заманда Ұлытау мен Торғай аймағына аты жайылған Жаңқа сал, Тайлақбай секілді сыбызғышылар «Досымжан», «Бозінген», «»Айрауықтың ащы күйі», «Алқакөл сұлама» т.б. сыбызғы күйлерін ел арасына таратқанымен біздің заманымызға жетпеген. Осы орайда Қазбек тартқан «Сыбызғы» күйі Торғай өңірінде қобыз бен домбыра ғана емес, сыбызғышылық дәстүрдің болғандығының айғағы болатын күй. Күйдің шығуына белгілі композитор Бақытжан Байқадамовтың елге келген сапары себепші болған. Ол осы сапарында сыбызғы тартатын адам іздеп, оның музыкалық аспап ретіндегі ролін анықтамақ екендігін айтады. Сыбызғышылар табылмаған. Ертеде сыбызғы күйлерін естіген Қазбек, өзі естігенін жаңғыртып сыбызғы әуенін қобыз әуезіне келтіріп «Сыбызғы» күйін тартып береді. Сыбызғыдай сызылған әуезді дыбысты шығару екінің бірінің қолынан келмейтіні анық. Бұл күйдің тыңдаушыға ерекше әсер беретіні де содан болар. Қазбектің домбырада орындалатын «Жорға», «Сахара», «Жайлау» күйлері сақталмаған және жыршылықтыда жақсы меңгерген өнерпаздың орындауындағы «Көрұғлы», «Көрұғлы мен Безерген», «Қобыланды», «Алпамыс» (Бораш Қазбекұлы әкесінің «Алпамыс» жырының екі нұсқасын жырлағанын айтады) жырларының жазып алынбауы да өкініш тудырады. Ал қобызшы ретіндегі Қазбек Әбенев шығармашылығы өнертану ғылымдарының магистрі Мақпал Манасбаева өзінің «Дәстүрлі қылқобыз орындаушыларының стильдік ерекшеліктері» диссертациясында жан-жақты қарастырылған. Жоғарыда аталған тұлғалардан кейінгі кездегі Тобыл-Торғай өңіріндегі қобызшылық дәстүрді жалғастырушылар ретінде Сапар Әбенев, Бораш Әбенев, Қалибек Деріпсалдин, Зоя Сейілова, Батырбек Байназаровтарды атауға болады. Дегенмен бұлардың көпшілігі сазгер ретінде танылса да, дәстүрлі қылқобызда орындаушы болып қана қалып отыр.

Батырлан САҒЫНТАЕВ,
Дала өлкесі тарихы облыстық
мұражайының ғылыми қызметкері;
Әділ АҚАНОВ,
Б. Байқадамов атындағы музыка мектебінің оқытушысы

музыкант, дирижер, ұстаз, ҚР мәдениет қайраткері Әбенев Боранбай Қазыбекұлының 70 жас мерейтойына арналған «Өмірін өнермен өрнектеген» атты сұхбат кештен көрініс. 26.04.2019.



Арқалықтың
мың домбырашысы

Ұлттық домбыра күні және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150-жылдық мерейтойына орай Арқалық қаласында мың домбырашы күй шертті. 2022 жылы 3 шілде



Арқалықта 1500 домбырашы бір уақытта күй тартты


Арқалықта Ұлттық домбыра күні мен қала күніне орай «Домбыраның күмбірі – бар қазақтың бірлігі» деп аталған мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды.

Салтанатты іс-шарада Қостанай облысы әкімінің орынбасары Ринат Мұхаметқалиев, Арқалық қаласының әкімі Әмірхан Асанов, іс-шара қонағы, Қостанай облысының құрметті азаматы Амангелді Садырбековтер мерекелік құттықтауларын арнады. Ұлттық аспапты дәріптеу жолында ерен еңбегімен танылған Арқалық халқына ризашылығын білдіріп, қала әкіміне облыс басшысы Құмар Ақсақаловтың алғыс хатын табыс етті.

Бірнеше ай дайындықтың нәтижесінде қала мен ауылдардан түрлі сала өкілдері, студенттер, мектеп оқушыларынан құралған 1500 домбырашы 7 күйді орындап, көрерменді ерекше әсерге бөледі. Іс-шара қорытындысында мерекелік бағдарламаның өтуіне демеушілік жасаған меценат азаматтар, «Ең жас домбырашы», «Ең қарт домбырашы», «Домбырашылар әулеті» номинацияларының иегерлері мен «1 500 домбыра» іс-шарасының бас дирижері Бораш Әбенев салтанатты түрде марапатталып, қаржылай сыйлықтар алды. Ұлттық домбыра күні мен Құрманғазы Сағырбайұлының 205 жылдығына арналып өткізілген «Домбыра – думан» атты аймақтық домбырашылар байқауының гала концерті көрермен назарына ұсынылды, – делінген Арқалық қаласы әкімдігінің материалында.

Демеушілердің көмегімен Қуандық Рахым, Шаһаризат Сейдахмет, Аргоня, Бақытжан Желдербаев, Динара Жаңабергенова сынды эстрада әншілері концерт беріп, көрерменнің мерекелік көңіл-күйін еселеді.

Іс-шара соңы отшашуға ұласты.



Ұлттық домбыра күні Арқалық қаласында 1500 домбырашы өнер көрсетті

Арқалықта «Ұлттық домбыра күні» және қала күніне орай «Домбыраның күмбірі – бар қазақтың бірлігі» атты мерекелік іс – шара өтіп, 1500 домбырашы бір мезетте күй тартты.

Орталық «Жігер» стадионында арнайы сахна құрылып, киіз үйлер тігілген ауқымды шараның ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Ринат Мұхаметқалиев құттықтау сөз сөйлеп, ұлттық аспапты дәріптеудегі ерен еңбегі үшін арқалықтықтарға облыс әкімі Құмар Ақсақаловтың «Алғыс хатын» табыс етті.

Айтыс ақтаңгері Айбек Қалиев күй өнерінің құдіретін арнау жырымен айшықтады. Шара қонағы, Қостанай облысының құрметті азаматы Амангелді Садырбеков жылы лебізін білдірді.

Көпшілік қауым тағатсыздана күткен шақта ұзақ уақыт тынымсыз дайындықтың нәтижесінде қала мен ауылдардан түрлі сала өкілдері, студенттер, мектеп оқушыларынан құралған 1500 домбырашы жақсы дайындықпен жаппай 7 күй орындап, көрерменді айрықша әсерге бөледі.

Ел бірлігімен қолға алынған ізгілікті шараның мән – мағынасы зор. Бұл туралы қала басшысы өз құттықтауында кеңірек тоқталып өтті.

«Барымызды бағалап, тарихымызды жаңғырту жолында қасиетті Торғай елі, зиялылар мекені – Арқалық жұрты қашанда көпке үлгілі ісімен танылған.

Біз өткен жылы қаламызда «Ұлттық домбыра күніне» орай «Мың домбыра» шарасын ұйымдастырып, бір мезетте 5 күй орындалған болатын. Көпшіліктің рухын асқақтатып, ерекше сезімге бөлеген игілікті шараны биыл да жалғастырып отырмыз. Яғни, бүгінгі шараға қала мен қаламызға қарасты ауылдардың жастары, мектеп оқушылары, жалпы түрлі сала өкілдерінен құралған 1500 домбырашы үн қосты.

Оларды біріктірген бір ғана нәрсе – қасиетті домбырамызға деген құрмет, төл аспабымызға деген қызығушылық. Осы ретте, бүгінгі шараға қатысушылардың бәрі бірдей кәсіби домбырашы емес екенін айтқым келеді. Олардың 70 пайызы осы шара аясында алғаш рет домбыра тартуды үйренді. Сол домбыра тартуды алғаш үйренген оқушылардың – жастардың ұлттық аспабымызға деген қызығушылығы артып, араларынан кәсіби домбырашылар шығуы да әбден мүмкін. Бұл бір күндік қана шара емес,

ұлттық аспабымызды кейінгі ұрпаққа кеңінен насихаттауды мұрат еткен өміршең дүние», - деді қала әкімі Әмірхан Асанов.

Шара қорытындысында мерекелік бағдарламаның өтуіне демеушілік жасаған меценаттарға құрмет көрсетілді. Сондай – ақ, дүбірлі шараға қатысқан «Ең жас домбырашы» – 7 жасар Айзере Сахан, «Ең қарт домбырашы» – тоқсанға қадам басқан ақсақал Кәки Ақан, «Домбырашылар әулеті» – әулетінен отызға жуық домбырашы қатысқан Бөлтіріковтер отбасы және Арқалық қаласының құрметті азаматы, қазақ ұлт-аспатар оркестрінің бас дирижері, ҚР Мәдениет қайраткері Бораш Әбенбетовтерге ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Арқалық аспанын күйге кенелткен күмбірлі күйлер шеруі одан әрі жақында ғана «Ұлттық домбыра күні» мен Құрманғазы Сағырбайұлының 205 жылдығына арналып өткізілген «Домбыра – думан» атты аймақтық домбырашылар байқауының гала – концертімен жалғасып, демеушілердің арқасында арнайы шақырылған қонақтар, эстрада жұлдыздары Қуандық Рахым, Шаһаризат Сейдахмет, Аргоня, Бақытжан Желдербаев, Динара Жаңабегеновалардың «Жаса, жайна Арқалық» атты концерттік бағдарламасы да мерекелік көңіл – күйді еселей түсті. Шара соңы отшашуға ұласты.















Мұрат Жүнісұлы
Суреттерді түсірген автор.
Арқалық қаласы 2 Шілде, 2023 ж.

Боранбай Қазыбекұлы отбасымен





Өнер адамдарымен бірге



Ол туралы әдебиеттер

Детская энциклопедия. Том 1. Аркалык – город сильных и стойких духом людей [Текст] / Редакторы: Б.С. Бердалина, Ж.У. Жакешева, Н.Е. Жунусова, А.Н. Камисоренко, Г.Г. Курмангалиева, М.С. Маханбетов, Н.Ю. Мешкова, К.С. Оразова, И.И. Рахат, Роговой. Костанай, 2005. – 314 с.

Костанайская область. Энциклопедия. – Алматы: Издательство «Арыс», 2006. – 736 с.

Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст.: Т. Рсаев. – Алматы: Арыс, 2013. – 31 б.

Тобыл-Торғай әуені. [Мәтін] / Құрс. Б.Ж. Сағынтаев., Д.Қ. Рысбек., Ә.К. Ахан. – Қостанай: «Қарлығаш» баспасы, 2020. –190 б.



Ол туралы қызымді баспа беттеріндегі жариялымдары

Жүнісұлы, Ж. Өнер деп соққан жүрегі [Мәтін] : [сазгер - дирижер Бораш Әбенев жайлы бір үзік сыр] / Ж. Жүнісұлы. //Қостанай таңы. – 2007. – 4 сәуір. – Б. 5.

Мұқатов, Нағашыбай. Саусағыңнан сүйейінші... [Мәтін] : [сазгер - дирижер Бораш Әбеневке арнау өлең] / Н. Мұқатов // Торғай. – 2008. – 18 сәуір. – Б. 3.

Оразбайұлы, Н. Құлақтан кіріп, бойды алар...[Мәтін] : [сазгер - дирижер Боранбай Әбенев жайлы бір үзік сыр] / Н. Оразбайұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 23 сәуір. – Б. 3.

Зейіншіқызы, Майра. Өнер құдіреті [Мәтін] : [сазгер - дирижер Боранбай Әбенев жайлы] / М. Зейнешқызы // Торғай. – 2008. – 18 сәуір. – Б. 3.

Қожахметұлы, Еркін. Бораштың бағы [Мәтін] : [сазгер - дирижер Боранбай Әбеневтың 60 жас мерейтойына] / Е. Қожахметұлы // Торғай. – 2009. – 13 наурыз. – Б. 4.

Қойшыбайұлы, М. Өнер деп соққан жүрегі [Мәтін] : [сазгер - дирижер Бораш. Әбенев жайлы бір үзік сыр] / Ж. ... [өлең] / М. Қойшыбайұлы. //Торғай. – 2013. – 25 қаңтар. – Б. 8.

Халықова, Г. Үлкенге құрмет – баршаға міндет [Мәтін] : [қарттар күніне арналған іс-шара] / Г. Халықова. // Арқалық хабары. – 2022. – 14 қазан. – Б. 3.

Үлкенге құрмет – баршаға міндет

Халқымыз қашан да дария кеңіл, кең көуде қарттарымен мағтана білген. Ақ саяалды аталарымыз бен ақ шашты анамыз қадірлегені соншалық, ақ киізге орап көтерген екен. Бүгінде біздің аталарымыз бен аналарымыз да сондай құрметтен кенде емес. Орны – төр, қатары – алдыңғы сапта.

Н. Құрманғалиев ағымдағы Торғай гуманитарлық институтының ІІМ-дi төбесі және МД-дi төбесінен ұйымдастырылған мағалымдар мағалымыз мағалымыз 1-класы қарттар күніне арнай «Қарта-

рым қашан да ағымдағы Торғай гуманитарлық институтының ІІМ-дi төбесі және МД-дi төбесінен ұйымдастырылған мағалымдар мағалымыз мағалымыз 1-класы қарттар күніне арнай «Қарта-

құрметті қашан да ағымдағы Торғай гуманитарлық институтының ІІМ-дi төбесі және МД-дi төбесінен ұйымдастырылған мағалымдар мағалымыз мағалымыз 1-класы қарттар күніне арнай «Қарта-



ым ағымдағы Торғай гуманитарлық институтының ІІМ-дi төбесі және МД-дi төбесінен ұйымдастырылған мағалымдар мағалымыз мағалымыз 1-класы қарттар күніне арнай «Қарта-

рым қашан да ағымдағы Торғай гуманитарлық институтының ІІМ-дi төбесі және МД-дi төбесінен ұйымдастырылған мағалымдар мағалымыз мағалымыз 1-класы қарттар күніне арнай «Қарта-

құрметті қашан да ағымдағы Торғай гуманитарлық институтының ІІМ-дi төбесі және МД-дi төбесінен ұйымдастырылған мағалымдар мағалымыз мағалымыз 1-класы қарттар күніне арнай «Қарта-

18 наурыз 2008 жыл «ТОРГАЙ» 18 наурыз 2008 жыл 3

ОНЕР ҚУДІРЕТІ

САУДАРЫМНАН СҮЙГЕНІШ



Абдим Борис Кизилбайевич
казахстанский музыкант, исполнитель
народной музыки.

Борис Абдимов родился в 1949 году в селе Амангельды Тастымайской области.

В 1965 году принимал участие в конкурсах в области, в городе и в республиканском конкурсе молодых исполнителей, став его Директом.

В 1968 поступил в Алмаатинскую консерваторию, которую закончил в 1974 году.

В составе оркестра имени Курмангата выступил с концертами в Казахстане и в большом зарубежье.

В 1972 принял участие в фестивале Содружества студентов в городе Кошкене. С 1976 по 1988 год работал преподавателем Аральского музыкального училища. С 1988 по 1991 год работал художественным руководителем Тургайской областной филармонии.

В 1992 году принял участие в ансамбле «Тургай Аулдары» в фестивале Дружба народов в Турине.

С 1991 по 1998 год работал директором музыкального училища, параллельно являясь главным дирижером симфонического оркестра областного театра. С 2000 года является директором государственной музыкальной школы имени Баймаганова.

Өлкеміздің қаламы ұшқыр талант иелері

(тұрақты жылдық кітап көрмесі)

Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің әдістеме-библиография бөлімі белгілі ақын, талантты қаламгер, көсемсөз шебері Назарбек Бектемісұлының туғанына 95 жыл толуына, этнограф, журналист-жазушы, ақын, әдебиетші-ғалым, сатирик Сейіт Кенжеахметұлының туғанына 85 жыл толуына, жазушы, публицист, қоғам қайраткері Қоғабай Сәрсекеевтің туғанына 85 жыл толуына, жазушы, филология ғылымының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Салғарин Қойшығараұлының туғанына 85 жыл толуына, қаламыздың құрметті азаматы, өзінің саналы ғұмырын музыка саласына арнап келе жатқан, білікті маман, білгір басшылардың бірі – **Әбенев Боранбай Қазыбекұлының** туғанына 75 жас толуына, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Нағашыбай Мұқатовтың туғанына 75 жас толуына, қазақ журналистикасының белді өкілі, публицист, ғалым, жазушы Жұмабек Кенжалиннің туғанына 70 жыл толуына, Қазақстанның Халық ақыны, белгілі айтыскер Қонысбай Әбілдің туғанына 70 жыл толуына орай «**Өлкеміздің қаламы ұшқыр талант иелері**» атты өлкемізден шыққан ақын-жазушылардың мерейтойларына арналған жылдық тұрақты көрмесін ұсынады. Көрменің мақсаты Торғай даласынан шыққан дарабоздар мен таланттардың ұлт пен тарих алдында атқарған еңбектерін бағалау, құрмет көрсету, кейінгі ұрпаққа насихаттау.



Саусағыңнан сүйейінші....

Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Боранбай Әбеневке арнау

Нағашыбай Мұқатов

ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
филология ғылымының кандидаты

Бүлінбей ардақталшы асыл әдет,
Батысқа бас шұлғып-ап, тасыма көп.
Қобыздың қоңыр үнімен қауышқанда
Қазбек қарт отырғандай қасыма кеп.

Әуенін әлеуметке тыңдатып-ап,
Әнекей төменде емес, шыңда тұрақ,
Әбенев әйдік бәйтерек болғаныңда,
Баласы бұтақтағы бір жапырақ.

Ортамыз айлансын деп оң із жайдық,
Оты бөлек рухани маңызды айтып,
Біреулер күміс пенен алтын жиса,
Бұларда домбыра мен қобыз байлық

Белгілі белес бары, төбе бары,
Тыпыршып, тыпыңдатқан көне қамы
Жұп-жұқа болғанменен осы жігіт,
Жұп-жұқа емес тіпті өнері әлі.

Жайсаң ел күйді қашан аз құндады,
Жеткіншек желкілдеген жаздың бағы.
Дирижер таяғында тағы құдірет,
Домбыра шанағында саздың нәрі.

Өнерсіз өмір бойы арып-аштық,
Оңсыз сірә тұлғанды танымас жұрт.
Үтір қойып үлкейтіп айтайыншы,
Мұғалім, көркемдік жетекші әрі бастық.

Бұл қазақ қара домбыраға ғашық халық,
Бөтенге бүйрек бүлкілдеп, асықпалық.
Оянады қос шекпен шыныңда Бораш,
Ұйықтайды және пернені басып барып.

Алақан болса ай мен күнге асты үміт,
Арайынан талантты жан тас жібітіп.
Өнер кезден ән бойынан сезгенім,
Өзге емес, тек өнерге мас жігіт.

Қуанғаны-ай өнер өңірге тап егіп,
Құрманғазы ырғақтарын және өріп.
Саулата бер сандығыңнан саздарды,
Саусағыңнан сүйейінші Әбенев.

МАЗМҰНЫ

1. Өмірін өнермен өрнектеген.....	5
2. Қазақ халық ұлт-аспаптар оркестрі.....	6
3. Қазыбектің қобызы.....	7-8
4. Торғайдың дәстүрлі қылқобыз орындаушылары туралы.....	9-14
5. Арқалықтың мың домбырашысы.....	15-16
6. Арқалықта 1500 домбырашы бір уақытта күй тартты.....	17
7. Ұлттық домбыра күні Арқалық қаласында 1500 домбырашы өнер көрсетті.....	18-25
8. Боранбай Қазыбекұлы отбасымен.....	26
9. Өнер адамдарымен бірге.....	27-28
10. Ол туралы әдебиет.....	29
11. Ол туралы мерзімді баспа беттеріндегі жариялымда.....	30-33
12. Өлкеміздің қаламы ұшқыр талант иелері (<i>тұрақты жылдық кітап көрмесі</i>).....	34
13. Саусағыңнан сүйейінші... <i>Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Боранбай Әбенвке арнау</i>	35

Құрастырушы: Көшкінбай С. М.
Мұқабаны безендірген: Көшкінбай С. М.
Редактор: Құсайын Д. Е.
Шығарылымға жауапты: Құсайын Д. Е.
Басуға қол қойылды 19.03.2024
Таралым 5
Басылым: ксерокс
Көлемі 0,4

***Біздің кітапхананың мекен-жайы:
110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Родина ауылы
Гагаринакөшесі, 21. Тел. 2-10-18
E – mail: cbs10@mail.ru***

